Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Oil Services Company" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер құнының 80%-ы мөлшерінде төлемді шот-фактура ұсынылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

2.3.2. Нақты көрсетілген қызметтер үшін төлемнің қалған 20%-ы Шартқа №11 қосымшаға сәйкес әлеуметтік жеңілдіктер және материалдық көмек және Орындаушы қызметкерлерінің жалақысы бойынша есеп берілгеннен кейін жүзеге асырылады , бірақ шот фактура берілген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмей.

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады).

2.4.2. Шот-фактураны.

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің түпнұсқасы (түпкілікті өзара есеп айырысу кезінде). Орындаушы қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін немесе Қызметтерді көрсеткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қою туралы дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, салыстыру актісіне Тапсырыс беруші жеке-дара қол қояды, ол екі тарапта қол қойды деп есептеледі.

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Орындаушының дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.7. Шот-фактураны ұсыну күні деп электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) электрондық шот-фактураның жазылып берілген күні есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.8. Шарттың сомасы тараптардың өзара келісімі бойынша мынадай жағдайларда: - егер ұқсас қызметтер үшін құн шартын орындау процесінде азаю жағына қарай өзгерсе, қызметтер құнын азайту бөлігінде; - көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ қызметтер бірлігі үшін құнының өзгермеуі шартымен шартты орындау мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде өзгертілуге жатады.

2.9. Егер Тапсырыс берушіде көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті ұлғайту немесе азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші өз құқығын өзіне қалдырады: - тараптардың келісімі бойынша шарттың талаптарын, оның ішінде шартқа өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы қызметтер көрсету көлемін ұлғайту немесе азайту бөлігінде өзгерту, бұл ретте көрсетілетін қызметтің бағасы өзгертуге жатпайды.

2.10. Тапсырыс беруші қызметтердің толық жоспарлы көлемі мен жалпы құнына өтінімдер ұсынуға кепілдік бермейді. Қызметтердің нақты құны өндірістік қажеттілік пен Тапсырыс берушінің қажеттілігі негізінде ғана айқындалатын болады, ол Орындаушы орындаған және Тапсырыс беруші қабылдаған барлық өтінімдердің сомасына тең соманы құрайтын болады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2, №2-1 қосымшаларына сәйкес қызмет көрсету орны бойынша және мерзімінде көрсетуге міндетті. Қызметтер көрсету Шарттың № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша жүзеге асырылады.

3.2. Қызметтер көрсету мерзімі: 01.01.2027 жылдан бастап 31.12.2031 жылға дейін.

3.3. Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні Қызметтерді көрсету күні болып есептеледі. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес және Шартқа № 1, № 2, №2-1 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша Қызметтерді көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Көрсетілген қызметтерді көрсетілген қызметтердің актісі бойынша (Акт қағаз жеткізгіште (№4 Қосымша) нысанында ұсынылады) тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге міндетті.

4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

4.1.6. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

етуге;

4.1.11. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түріндегі тиісті жылға шарттың сомасының % 3.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.13. Шарт талаптарына сәйкес Қызметтер көрсету үшін тартылатын, лауазымдар тізбесі мен саны Шарттың № 8 қосымшасында айқындалған Персоналды жұмысқа қабылдауды Тапсырыс берушімен келісу.

4.1.14. Тапсырыс беруші Шарт жасалған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде Орындаушының компаниясына жұмысқа орналастырылуға тиіс жұмысшылардың тізімін Орындаушыға жолдайды және персоналдың Қызметке қойылатын барлық қажетті талаптарға сәйкес келетіндігіне кепілдік береді. Орындаушы Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс беруші ұсынған персоналдың бірінші кезектегі тәртіппен жұмысқа орналастырылуы тиіс екендігімен келіседі.

4.1.15. Тапсырыс беруші жолдаған жұмысшыларды жұмысқа қабылдау жөніндегі Орындаушының міндеті Тапсырыс берушінің ұсынылған жұмысшылар туралы тізімін алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде қолданылады. Егер ұсынылған жұмысшы көрсетілген мерзім ішінде Орындаушыға жұмысқа орналасу үшін келмесе, Орындаушы персоналды өз бетінше іріктеуге және жұмысқа қабылдауға құқылы.

4.1.16. Орындаушы жұмысшыларды жұмысқа қабылдауды Тапсырыс берушімен келісуге міндеттенеді. Аталған талаптың орындалмауы Шарт талаптарының бұзылуы болып табылады және Тапсырыс берушіге Орындаушыны Шартта көзделген жауаптылыққа тарта отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқық береді.

4.1.17. Орындаушы Шартты орындау үшін тартылатын, лауазымдар тізбесі мен саны Шарттың № 8 қосымшасында айқындалған персоналдың (бұдан әрі – Персонал) санын бақылауды жүзеге асыруға және белгіленген саннан асыруға жол бермеуге міндеттенеді. Персонал бекітілген саннан артық тартылған жағдайда, Орындаушы мұндай жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды дербес көтереді және мұндай шығыстарды Шартта Персоналдың еңбегіне ақы төлеуге және әлеуметтік қолдауға көзделген қаражат есебіне жатқызуға құқылы емес.

4.1.18. Өз жұмысшыларын мерзімдік медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландырудан өткізуді қамтамасыз етуге.

4.1.19. Қызметтерді қауіпсіз көрсету мақсатында өз жұмысшыларын арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және қажетті жеке әрі ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету (мұндай талап қызметтерге қолданылатын жағдайларда ғана белгіленеді).

4.1.20. Персоналды Қызметтер көрсету орнына дейін және кері қайту бағытында тасымалдауды өз қаражаты және өз күші есебінен қамтамасыз ету.

4.1.21. Персоналға Шарттың № 8 қосымшасында (Персоналдың кепілдендірілген лауазымдық жалақылары мен айлық тарифтік ставкалары) көзделген мөлшерден төмен емес еңбекақыны Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде қамтамасыз етуге, сондай-ақ оны белгіленген тәртіппен уақтылы төлеуге міндеттенеді. Сонымен қатар, өндірістік (ағымдағы айлық/тоқсандық) сыйақыларды жоспарлы көрсеткіштер орындалған жағдайда, нақты жұмыс істелген уақыт үшін айлық тарифтік ставкадан / лауазымдық жалақыдан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

33,3% мөлшерінде, ай/тоқсан бойынша жиынтық түрде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген үстемеақыларды ескере отырып төлеуді және жыл қорытындысы бойынша сыйақыны (13-ші жалақы) қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жыл қорытындысы бойынша сыйақы есепті жылдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей төленуге тиіс.

4.1.22. Шарттың № 9 қосымшасына сәйкес Персоналға минималды әлеуметтік пакеттің (бұдан әрі – МӘП) төленуіне кепілдік беру.

4.1.23. Шартта Персоналдың еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік төлемдерді қаржыландыру үшін көзделген ақшалай қаражаттарды Орындаушы Персоналдың еңбегіне ақы төлеуге, оның ішінде өндірістік (ағымдағы айлық/тоқсандық) сыйақыларды, жыл қорытындысы бойынша сыйақыны (13-ші жалақыны), кепілдендірілген МӘП-ті сондай-ақ Шарттың № 8 және № 9 қосымшаларында көзделген мөлшерден кем емес көлемде қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.24. Персонал алдындағы міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарды, міндетті төлемдерді, алымдар мен аударымдарды уақтылы және толық көлемде төлеуге міндеттенеді. Ай сайын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген салық міндеттемелерін орындау мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Персоналдың жалақысынан есептелген салықтар мен аударымдардың (міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік төлемдер, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, жеке табыс салығы, әлеуметтік салықтар) төленгенін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелерін ұсыну.

4.1.25. Егер Шарттың қолданылу мерзімі тиісті күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанынан бұрын аяқталған жағдайда, Орындаушы Персоналмен жасалған еңбек шарттары бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде нақты жұмыс істелген уақытқа пропорционалды түрде жылдық сыйақыны (13-ші жалақыны) төлеуге міндетті. Бұл ретте толық 12 айлық кезең үшін сыйақы мөлшері бір лауазымдық жалақыға тең деп есептеледі.

4.1.26. Жыл қорытындысы бойынша Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша және ол белгілеген мерзімде Орындаушы игерілмеген, еңбекақы төлеу қоры мен МӘП-ке бөлінген ақшалай қаражаттарды қайтаруға міндетті.

4.1.27. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсыну: • МӘП бойынша және жыл қорытындысы бойынша (13-ші жалақы), тоқсандық/айлық сыйлықақы төлеу, еңбекақы төлеу тәртібін регламенттейтін ішкі құжат; • тарифтік ставкалары/еңбекақылары бар штат кестесі; • бекітілген еңбек демалыс кестесі (Персонал қол қойған). Жалақы индексациясы Тапсырыс берушімен келісім бойынша Шартта белгіленген «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ)/Тапсырыс берушінің макроэкономикалық көрсеткіштеріне сәйкес жүргізіледі.

4.1.28. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Персоналдың, сондай-ақ бірлесіп орындаушының (егер олар тартылған болса) жалақысына бөлінген қаражаттың (Шарттың № 11 қосымшасына сәйкес) мақсатты пайдаланылуы туралы есепті растайтын құжаттармен (есеп айырысу парақтары, төлем тапсырмалары, жұмыс уақытын есепке алу табельдері) қоса бере отырып ұсынуға міндеттенеді. Сонымен қатар, МӘП бойынша төлемдер жүзеге асырылған жағдайда Тапсырыс берушіге қаражатты мақсатты пайдалану есебімен бірге Шарттың № 9 қосымшасына сәйкес төлемді растайтын құжаттарды және төлем үшін негіздерді ұсынуға («Әлеуметтік міндеттемелер мен жауапкершілік» кестесінің 8 бағаны «Орындаушы МӘП төлемі туралы есепке қоса беретін құжаттары»). Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші қосымша құжаттар мен төлемді растайтын ақпаратты сұратуға құқылы, ал Орындаушы оларды сұрату алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті. Орындаушы тарапынан құжаттарды ұсынбау немесе Персоналдың және бірлесіп орындаушының еңбекақы қоры мен МӘП үшін бөлінген ақшалай қаражаттың нысаналы пайдаланылуын құжатпен растау мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы аталған қаражатты толық немесе оның құжатпен расталмаған бөлігін Тапсырыс берушіге қайтаруға міндетті.

4.1.29. Шарттың № 12 қосымшасына сәйкес әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы талаптарды орындамау немесе тиісінше орындамау үшін жауапкершілік көтеруге міндеттенеді.

4.1.30. Үшінші тұлғаларды Қызметтер көрсетуге тартқан жағдайда, Орындаушы осындай тұлғалардың тиісті қызметтерді орындауын өз бетінше бақылауды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші алдында мүліктік жауаптылықты, оның ішінде келтірілген залалдарды толық өтеуді көтереді. Орындаушы бірлесіп орындаушылармен Шарт бойынша Қызметтердің жалпы көлемінің 1/4 (төрттен бір) бөлігінен аспайтын көлемде қызметтерді орындауға шарттар жасасуға құқылы.

4.1.31. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға тартылған барлық бірлесіп орындаушылар бойынша олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестестік белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, ақпарат ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.32. Тапсырыс берушімен келісілген жағдайда бірлесіп орындаушыларды тарту кезінде олардың персоналы үшін еңбекақы деңгейі мен әлеуметтік қолдау бойынша талаптар Орындаушының Персоналына белгіленген деңгейден кем емес мөлшерде белгіленеді.

4.1.33. Шарттың № 10 қосымшасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтауға.

4.1.34. Орындаушы ұжымдағы әлеуметтік жағдайды бақылауды қамтамасыз етуге, ҚМГ/Тапсырыс берушіні жағдайдың тұрақсыздану қаупі, жұмыс берушіге қойылатын талаптарды қою жоспарлары, еңбек жағдайларына, еңбекақы төлеу шарттарына және өзге де талаптарға қанағаттанбаушылық белгілері туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.35. Орындаушы өз Персоналының ұжымында ұжымдық талаптар туындаған жағдайда, бұл туралы мессенджерлер немесе электрондық пошта арқылы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға, сондай-ақ туындаған жағдайдың мәні, оны шешу жолдары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

4.1.36. Орындаушының әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығына төнген қатер туралы алғашқы хабарламасынан бастап және оны тұрақтандырғанға дейін Тапсырыс берушіге әр үш сағат сайын ұжымдағы жағдай туралы қысқаша мәлімет жолдау. Жиынтық ҚМГ/Тапсырыс берушінің IR-қызметіне электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы жіберіледі.

4.1.37. Орындаушы ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Қызметті көрсету кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті.

4.1.38. Қызметтерді көрсету үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда Орындаушы өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.39. Орындаушы жұмысшылардың жұмысын еңбек жанжалдары туындаған кезеңде Қызметтердің толық тоқтатылуын болдырмайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы орындаушыларды тартуға міндетті.

4.1.40. Орындаушының өз күшімен реттеуге болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті.

4.1.41. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге жұмысшылардың алға қойған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін емес растайтын құжаттар және т.б.) ұсынуға.

4.1.42. Шарттың құнын немесе көлемін ұлғайту жөніндегі талаптарды ұсыну үшін Персоналды қандай да бір түрде пайдаланбауға.

4.1.43. Тапсырыс беруші Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Орындаушының Персоналды жұмысқа орналастыру, еңбекақы төлеу шарттары және әлеуметтік қолдау жөніндегі міндеттемелерін сақтауына жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер (аудит) жүргізуге құқылы. Орындаушы мұндай тексерулер жүргізу кезінде тиісті жәрдем көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті. Тапсырыс беруші анықтаған Шарт талаптарының бұзылуы Шартта көзделген салдарларға әкеп соғады.

4.1.44. Орындаушы Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу мақсатында толық қолжетімділікті қамтамасыз етуге және Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерінің, оның ішінде Персоналды жұмысқа орналастыру, еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптардың тиісінше орындалуын тексеру үшін барлық құжаттама мен ақпаратты Тапсырыс берушіге уақтылы ұсынуға міндетті.

4.1.45. Тапсырыс берушінің сұранысы бойынша кез келген қаржылық, экономикалық, өндірістік ақпаратты беру, сондай-ақ Орындаушының барлық есеп жүйелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету.

4.1.46. Орындаушы Тапсырыс берушінің сұрау салуы алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде барлық материалдарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.47. Орындаушы Тапсырыс беруші жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер нәтижелері бойынша берілген ұйғарымға сәйкес анықталған барлық бұзушылықтарды уақтылы жоюға, оның ішінде Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерінің, соның ішінде Персоналды жұмысқа орналастыру, еңбекақы төлеу шарттары, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптардың тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.48. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауға әсер етуі мүмкін, оның қаржылық жағдайындағы кез келген өзгерістер (банкроттық ісінің қозғалғаны, шоттарға тыйым салынуы, салық органдары тарапынан шоттар бойынша операциялардың тоқтатылуы және т.б.) туралы өзі білген кезден бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндеттенеді.

4.1.49. Тапсырыс беруші ұсынған персоналды жұмысқа қабылдауды келісуге қатысты міндеттемелерді бұзғаны үшін Орындаушы Шарттың жалпы сомасынан 10 % мөлшерінде айыппұл төлейді.

4.1.50. Орындаушы Тапсырыс берушіге Персоналдың еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қолдауға бөлінген, Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушылар игермеген қаражатты, егер Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы Персоналға еңбекақы мен әлеуметтік қолдауды уақтылы және (немесе) толық төлемеу салдарынан ұжымда наразылық акциялары, ереуілдер және өзге де әлеуметтік тұрақсыздық көріністері туындаған жағдайда, қайтаруға міндеттенеді.

4.1.51. Қызметтер көрсетуге тек еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарды ғана жіберуге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

рұқсат беру (мұндай талап қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.52. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмысшыларының жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.53. Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығы үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге.

4.1.54. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің мазмұнын, сондай-ақ Орындаушы Шартты орындау үшін тартқан Персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты ешкімге ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл Персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс.

4.1.55. Егер Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Қызметтерді уақтылы ұсынуға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге. Орындаушыдан хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауға тиіс және өз қалауы бойынша Орындаушының Шартты орындау мерзімін ұзарта алады. Мұндай жағдайда мұндай ұзартуды тараптар Шарттың мәтініне түзетулер енгізу арқылы ресімдеуге тиіс.

4.1.56. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

4.1.57. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтерде анықталған барлық кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өтеусіз жоюға және/немесе Қызметтерді көрсету процесінде анықталған кемшіліктерді жою үшін басқа ұйымды тартуға байланысты Тапсырыс берушінің барлық шығыстарын өтеуге міндеттенеді.

4.1.58. Қызметтер көрсету барысын баяулататын немесе Қызметтерді одан әрі орындауды мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге міндетті.

4.1.59. Тапсырыс берушінің аумағы мен объектілерінде Қызметтерді көрсету барысында Шарттың № 5 қосымшасына сәйкес өткізу және объектішілік режим, денсаулық сақтау, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Oil Services Company» ЖШС талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.1.60. Орындаушының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын сақтамауына байланысты оның кінәсінен туындаған мемлекеттік органдар, басқа да заңды және жеке тұлғалар тарапынан болған талап-тілектермен (претензиялармен), сот талап қоюларымен, айыппұлдармен байланысты шығыстар мен шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

4.1.61. Қызмет көрсету басталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге тапсырыс берушінің аумағына рұқсаттама алу үшін автокөлік құралдарына техникалық паспорттардың, жеке куәліктің және жүргізушілердің жүргізуші куәліктерінің көшірмелері қоса берілген хат жолдауға.

4.1.62. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын орындаушының, сондай-ақ оның бірлесіп орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге.

4.1.63. Тапсырыс берушіде Орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушыларының еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені туралы мәліметтер болған кезде орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушысының шарт бойынша қызметтер көрсетуге тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығын көрсете отырып, тапсырыс беруші айқындаған талап ету бойынша және мерзімдерде беруге.

4.1.64. Орындаушы тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге және төлеуге, сондай-ақ салық органына салық есептілігін дұрыс жасауға және уақтылы ұсынуға міндетті. Орындаушы Тапсырыс берушіге салықтарды, өсімпұлдарды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, қоса есептелген төлемдер сомасын өтеуге, сондай-ақ егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі шеңберінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолданған және (немесе) тексерулер жүргізген жағдайда, осындай қосымша есептеу (бұзушылық) туралы тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге көрсетілген сомаларды төлей отырып, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ өзге де іс-шараларды қоспағанда, шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілері анықталатын болады, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылады не салықтар мен өзге де міндетті төлемдер қоса есептелетін болады. Орындаушы қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамаған, қосылған құн салығын қайтармаған және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржы санкцияларын қоса есептемеген жағдайларға алып келген өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттер мен қызметшілердің шарты бойынша орындауға тартылған міндеттемелері үшін (әрекетсіздігі) үшін де осы тармақ бойынша жауапты болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.65. Егер осы Шартты орындау шеңберінде тауарларды жеткізу көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.1.66. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушының қызметтерді көрсету процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

4.1.67. Тапсырыс берушінің аумағында және объектілерінде қызмет көрсету барысында Шарттың №13 Қосымшаға сәйкес, "OSC" ЖШС ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс қимыл жасау жөніндегі Ереже" талаптарын сақтауға міндетті.

4.1.68. OPITO/ROSPA/IOGP/CEPA (GDC) стандарттарына сәйкес «Қыста жүргізу немесе күрделі жағдайларда жүргізу» қосымша модулімен «Қорғаныштық жүргізу» (Defensive driving) курсы бойынша жүргізушілерге оқытуды өткізу.

4.1.69. Автокөлік құралдарында «Қорғау» QR-кодын (әрбір жолаушы орындығына) орналастыру.

4.1.70. Барлық ұсынылатын автокөлікті GPS-мониторинг жүйелерімен жарақтандыру.

4.1.70.1. Көлік құралдарының тапсырыс берушісіне ұсынылатын GPS жүйелерінен деректерді онлайн беруді (ретрансляцияны) қамтамасыз ету Тапсырыс берушінің ахуалдық орталығын бағдарламалық қамтамасыз етуге.

4.1.70.2. Орындаушы ай сайынғы негізде орындалған жұмыстар актісімен және жол парақтарының тізілімімен бірге машинаның/сағаттың күнделікті көрсетілуімен GPS мониторинг деректерін ұсынуға міндетті.

4.1.70.3. Жұмысқа рұқсатсыз араласқаны немесе GPS-жабдықты өшіргені үшін жауапкершілікті белгілеу.

4.1.70.4. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге GPS-деректердің толық тарихын беру.

4.1.71. Мердігер ұйымның басшыларының, инженерлік-техникалық қызметкерлерінің, сондай-ақ аутстаффинг шарттарымен тартылған және осы Шарт бойынша жұмыстарды кемінде бір жыл мерзімге орындайтын қызметкерлердің «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқудан өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.72. Автокөліктерде қысқы кезеңде спутниктік мониторинг жүйелерінде жылдамдықтың шекті мәндерін қайта баптауды қамтамасыз ету: 1) рұқсат етілген қозғалыс жылдамдығы 60 км/сағ және одан жоғары болған кезде шекті мәнді кемінде 15-20 км/сағатқа төмендету; 2) көктайғақ және көріну шектеулі болған кезде рұқсат етілген жылдамдықтан кемінде 2 есе төмен деңгейде белгілеу.

4.1.73. Орындаушы Шартқа № 12 қосымшаға сәйкес шығындарды бөлектеп есепке алу әдістемесін енгізуді қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы жол парағының артқы жағында көрсетілген көлік құралының толтырылған қозғалыс бағытына сәйкес Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша (ұңғыма, бригада және т.б.) объектілерге бару уақытын көрсете отырып, автокөлік құралдарының қозғалысын есепке алуды жүргізуге міндетті. Орындаушы ай сайынғы негізде Орындалған жұмыстар актісімен бірге толтырылған № 12 қосымшаны ұсынуға міндетті.

4.1.74. Шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде БТП (бақылау-техникалық пункт) және диспетчерлік қызметпен жабдықталған өндірістік базаның немесе жалға алынған базаның болуын қамтамасыз ету.

4.1.75. Осы шарт жасалғаннан кейін және қажеттілік туындаған жағдайда, Тапсырыс берушінің бастамасымен Көлік құралдарының бар-жоғын, олардың техникалық жай-күйін, сондай-ақ пайдалану шарттарын тексеру мақсатында Орындаушының өндірістік базасына комиссиялық шығу жүргізілуі мүмкін. Орындаушы Тапсырыс берушінің өкілдеріне өндірістік база аумағына, көлік құралдарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ көлік құралдарына меншік құқығын немесе жалға алуын, сондай-ақ олардың техникалық жарамдылығын растайтын қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.76. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.7. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Орындаушыға енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

4.3.6. Тапсырыс беруші Орындаушы тарапынан МӘП үшін бөлінген қаражатты әлеуметтік қолдаудың жекелеген түрлері арасында қайта бөлуге жол бермеуге міндетті. Белгілі бір әлеуметтік қолдау түріне көзделген қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, тиісті төлемдер Орындаушымен өз қаражаты есебінен, кейіннен өтемақысыз және МӘП бекітілген бюджетін өзгертпей жүзеге асырылады.

4.3.7. Шартта көзделген Орындаушының міндеттемелерінің орындалуын мониторингтеуді жүзеге асыру.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою жөніндегі өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаған жағдайда, бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуді толық немесе ішінара тоқтату туралы жазбаша ұйғарым беруге;

4.4.7. Орындаушы қызметтерді осы Шарттан жұмыс нәтижесін нашарлатқан ауытқулармен немесе оны Шартта көзделген пайдалану не әдеттегі пайдалануға жарамсыздығы үшін жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен көрсеткен жағдайларда өз таңдауы бойынша: * орындаушыдан орынды мерзімде кемшіліктерді өтеусіз жоюды талап етуге; * орындаушыдан қызмет құнын мөлшерлес кемітуді талап етуге; * кемшіліктерді өз күштерімен жою немесе кемшіліктерді жою шығыстарын Орындаушыға жатқыза отырып, оларды жою үшін үшінші тұлғаны тартуға.

4.4.8. Егер көрсетілетін қызметтің осы Шарттың талаптарынан ауытқуы немесе көрсетілетін қызметтер нәтижесінің өзге де кемшіліктері Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жойылмаса не Елеулі және жойылмайтын болып табылса, Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан бас тартуға және келтірілген залалдың өтелуін талап етуге;

4.4.9. Орындаушының қызметтерді көрсету үшін қажетті материалдарды (тауарларды) сатып алу шарттарын орындауын, оның ішінде елішілік құндылық бойынша есепті тексеру кезінде бақылауға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.10. жыл қорытындысы бойынша Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі ең төменгі жалақы шегі мен әлеуметтік кепілдіктердің ең төменгі пакетін төлеуге бөлінген Орындаушының игермеген сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

4.4.11. Орындаушыдан өндірістік қуаттылықтардың, активтердің және қаржылық тұрақтылықты растайтын өзге де құжаттардың болуын Растауды сұрату, сондай-ақ Орындаушыға көшпелі тексеру жүргізуге құқылы.

4.4.12. Шартта көзделген жағдайларда Тапсырыс беруші талап етуге құқылы, ал Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша бірлесіп Орындаушының персоналына жалақы мен әлеуметтік қолдауды төлеудің толықтығы мен уақтылығын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.4.13. Тапсырыс беруші бірлесіп орындаушы ұжымындағы әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығы сақталған жағдайда бірлесіп Орындаушының қызметіне араласпайды. Наразылық акциялары, әлеуметтік тұрақсыздықтың өзге де көріністерінің ереуілдері туындаған жағдайда Тапсырыс беруші бірлесіп орындаушыға тексеру жүргізуге құқылы, бұл ретте бірлесіп орындаушының әрекеттері мен бұзушылықтары үшін Орындаушы жауапты болады.

4.4.14. Тапсырыс беруші Орындаушы Персоналының еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсетуге бөлінген ақша қаражатын ұстап қалуға құқылы, ал Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып, бұған келіседі. Бұл Орындаушы немесе бірлесіп орындаушы тарапынан наразылық акциялары, ереуілдер және Орындаушы мен бірлесіп орындаушы ұжымында әлеуметтік тұрақсыздықтың өзге де көріністері еңбекақыны және Персоналға көрсетілетін әлеуметтік қолдауды уақтылы және/немесе толық төлемеу салдарынан туындаған жағдайда, сондай-ақ Орындаушы мен бірлесіп орындаушы Персоналының еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсетуге бөлінген, игерілмеген сомалар болған жағдайда қолданылады.

4.4.15. Бірлесіп орындаушыны тартуға келісім беру кезінде, оның ішінде персонал саны, еңбекақы деңгейі және әлеуметтік қолдау шарттары бойынша немесе бірлесіп орындаушыны тартуға тыйым салу туралы шарттарды Орындаушыға белгілеуге құқылы. Егер бірлесіп орындаушы жалдамалы еңбекті пайдаланбай, Қызметтерді жеке өзі көрсететін болса, Тапсырыс беруші еңбекақы мен әлеуметтік қолдаудың толық әрі уақтылы төленгенін растайтын есептілік пен құжаттарды талап етпеуге құқылы, бұл ретте Орындаушы бірлесіп орындаушының жалдамалы еңбекті қолдануы туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

4.4.16. Орындаушының, сондай-ақ бірлесіп орындаушының персонал санына шектеулер белгілеуге, персонал санына бақылау жүргізуге, сондай-ақ персонал санын азайту немесе көбейтуді талап етуге.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау осы Шартта қарастырылған құжаттардың негізінде Тапсырыс берушінің өкілдерімен жүзеге асырылады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 10 (_____) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Орындаушы 3 (үш) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Орындаушы мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 15 (он бес) жұмыс күн ішінде міндеттенеді) хабардар етуді алған сәттен бастап Қызметтерді сапалы көрсетуге және/немесе көрсетілген Қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 10 (десяти) жұмыс күн ішінде Орындаушыға Қызметтің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабардар етуді жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметті қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

5.5. Қызмет нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Орындаушы, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға түзете алмайтын кемшіліктер, ақаулар (кемшіліктер) анықталған жағдайда Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5.6. Өтінімді алғаннан кейін пайда болған Орындаушының тұрып қалуын Тапсырыс беруші мемлекеттік органмен растайтын құжаттар болған жағдайда, ауа райы себептері (қатты жел, дауыл (желдің жылдамдығы секундына 15 метрден астам), тұман, қар жауған (көріну 50 метрден кем) кезде құжаттардың негізінде бос тұрған әрбір машина/сағат үшін мәлімделген көлемнің 60% - ына тең ставка бойынша төленеді.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің Қызметтерді қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмауын қамтамасыз етеді.

6.2. Орындаушы көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде қызметтердің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердегі ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 15 (он бес) ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Қызметтердегі жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Қызметтердегі ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Орындаушы көтереді.

6.4. Егер Қызметтердегі ақауларды жою бойынша кідіріс Орындаушының кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Қызметтердің мемлекетішілік құнын есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

7.2.2. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін көрсетілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған жалпы қызметтер құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың 4.1.28-тармағына сәйкес есептілікті ұсыну мерзімдерін, Шарттың 4.1.27-тармағына сәйкес қажетті құжаттаманы ұсыну мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін 20 АЕК мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % аспайтын өсімпілді төлеуге міндетті.

7.2.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.6. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.7. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.8. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің сомасынан 0,1% , бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.9. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге еңбек жалақысын белгілеу бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Орындаушы төлеуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға жауапты болады.

7.2.10. Шартты орындау үшін тартылған Мердігердің жұмыскерлерінің еңбек жалақысын және әлеуметтік қолдау көрсету шығындарын ұлғайту бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Орындаушы төлеуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.11. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шартта, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі ақшадан кез келген соманы, оның ішінде төленген аванстыбіржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Ұстап қалу үшін мыналар: шарттық міндеттемелердің орындалмауын/тиісінше орындалмауын; шарттар бойынша міндеттемелердің орындалу кестелерінің бұзылуын растайтын құжаттар негіз болып табылады; есептелген айыппұлдар, өсімпұлдар және өзге де тұрақсыздық айыптарын; шарттар бойынша өзара есептесулер жүргізуге растайтын құжаттар негіз болып табылады.

7.5. Егер Орындаушы 4.1.12.-тармақта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда. Келісім-шарт өзінің қолданылуын тоқтатады және Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуін Тапсырыс берушінің таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген жағдайда ұстайды. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін ақпарат жіберіледі.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ кешіктірілген сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

7.6.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуды қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде , бірақ Шарттың орындалуды қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс.

7.6.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін кідірткен сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ кідірткен сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.6.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығын үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Қызметтерді нақты көрсеткен кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстықайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

7.12. Өткізу және объектішілік режим, Денсаулық, еңбек, Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғау талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Шарттың № 5 қосымшада айқындалған айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.13. Орындаушы және оның бірлесіп орындаушылары жол берген азаматтар мен шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілік жағдайлары үшін Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.14. Ең төменгі жалақы шегі мен әлеуметтік кепілдіктердің ең аз пакетін төлеуге бөлінген Орындаушы игермеген соманы белгіленген мерзімде кешіктірген немесе қайтармаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін игерілмеген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды өсімпұл төлеуге тиіс.

7.15. Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші Шартқа №14 Қосымшада айқындалған айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

7.16. Егер орындаушы тиісті түрде қызмет көрсетпесе, сондай-ақ 4.1.70.1. тт. міндеттемелерін орындамағаны үшін, Тапсырыс беруші орындаушыдан қызметтер құнының 1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Шартты біржақты тәртіппен бұзу негіздерінің қатарында Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты біржақты бұзу туралы шешім қабылдауға құқылы: 1) Орындаушы жұмысшыларының қойып отырған талаптары Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындауын мүмкін етпейтін жағдайда; 2) Тапсырыс беруші Орындаушының банктерге, қаржы ұйымдарына немесе мемлекетке бір айдан астам мерзімге созылған тұрақты берешегінің бар екенін анықтаған жағдайда, бұл Орындаушының Шарт талаптарын, оның ішінде жалақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу және Орындаушы жұмысшыларының еңбекақысымен байланысты міндетті жарналар мен аударымдарды жүргізу бөлігінде тиісінше орындауына қауіп төндіретін болса; 3) Орындаушы Тапсырыс беруші ұсынған жұмысшыларды жұмысқа қабылдауды келісу жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда және/немесе Тапсырыс беруші жолдаған персоналды жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушы Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

8.8. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай ауытқуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

8.9. Орындаушы мен оның бірлесіп орындаушылары Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген залалды толық өтей отырып, Тапсырыс беруші Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы.

8.10. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар (Орындаушының электрондық поштасына жіберілген Тапсырыс берушінің өтінімін қоспағанда) алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және до полного исполнения обязательств ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады. Тараптар олар жасаған шарттың талаптары олардың шарт жасалғанға дейін туындаған қатынастарына қолданылатыны туралы келісті.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Орындаушы өзінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе шарттың талаптарын орындамауына байланысты оны бұзуға жауапты болмайды.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Шарттың тараптары Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартылады.

13.9. Орындаушы Шарттың № 7 қосымшасына сәйкес, «контрагенттермен шарттар үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе» талаптарын сақтауға міндетті.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз ашу нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залал үшін Бір-бірінің алдында жауапты болады. Жауапкершілік туралы ережелер осы Шартқа қол қойылған күнгі не оның қолданылу кезеңіндегі мәліметтер не ақпарат Тараптардың кінәсінен емес кеңінен белгілі болған немесе белгілі болған жағдайларға қолданылмайды.

15. Өзге де талаптар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді: (a) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл болмай шықса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс емес немесе анық болмауына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Осымен Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру не теңге өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етуге және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі теңге төлемді сәтті жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Ұлттық Банкі жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

15.10. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі тиіс.

15.11. Осы Шартқа барлық Қосымшалар (№ 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14), өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде орындалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Oil Services Company" ЖШС
Маңғыстау облысы, 23 шағынауданы, 18 ғимарат
БСН 020540003223
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ236010231000148422
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (729) 221-2900

_____ _____

_____
_____
_____
БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____
_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Жыл	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
3-1 У	Жеңіл автомобильдерді жалдау қызметі, Жеңіл автомобильді жүргізушісімен бірге жалға беру бойынша қызмет	Автокөлікті жалға беру бойынша көлік қызметтері (пикап үлгісіндегі жол талғамайтын көлік)	1.000					1 547 892 350.4	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, месторождение Жетыбай	-	01.2027 бастап 12.2031 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
2-1 У	Жеңіл автомобильдерді жалдау қызметі, Жеңіл автомобильді жүргізушісімен бірге жалға беру бойынша қызмет	Автокөлікті жалға беру бойынша көлік қызметтері (пикап үлгісіндегі жол талғамайтын көлік)	1.000					1 951 892 812.1	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, месторождение Каламкас	-	01.2027 бастап 12.2031 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1-1 У	Жеңіл автомобильдерді жалдау қызметі, Жеңіл автомобильді жүргізушісімен бірге жалға беру бойынша қызмет	Автокөлікті жалға беру бойынша көлік қызметтері (пикап үлгісіндегі жол талғамайтын көлік)	1.000					693 145 805.45	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, по объектам ТОО Oil Services Company	-	01.2027 бастап 12.2031 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Oil Services Company", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. В случае если закупаемые Услуги подпадают под регулирование пункта 10-1 Порядка, Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/соисполнителем обязательств, предусмотренных пунктом 10-1 статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

